



# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№28 (1940) 26 ТАМЫЗ 2024 ЖЫЛ

• 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

## Ата заң – тәуелсіздігіміздің берік тұғыры

**Құрметті әріптестер,  
білім алушы жастар!**

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата заңымыз тәуелсіздігіміздің берік тұғырына, табысты дамуымыздың және еліміздің халықаралық деңгейдегі биік беделінің кепіліне айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әділетті Қазақстанды құру үшін Конституция қағидалары қатаң сақталып қана қоймай, қоғамның сана-сезіміне біржола орнығуға тиіс. «Адал азамат» деген атқа лайық әрбір адам Ата заңның биік мұраттарын қолдайтынына және оны өмірлік ұстанымына айналдыратынына нық сенімдімін», – деп атап өткен болатын.

Конституция – еліміздің біртұтастығын, азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтайтын басты құжат,

береке-бірлігіміздің алтын темірқазығы.

Азаматтық қоғам қағидаларын насихаттап, құқықтық білім беруде университетіміздің оқытушы-ғалымдары елеулі үлес қосып келеді.

Жаңа, әділетті Қазақстанды құру жолында жаңарған Конституциямызға сай іргелі реформаларды іске асыру – баршамыздың міндетіміз.

Ата заңымызды құрметтеп, бұлжымас қағидаларын қатаң сақтау – әрбір азаматтың парызы.

Ел іргесі бүтін, отбасыларыңыз аман болсын.

Сіздерге мықты денсаулық, еңбектеріңізге табыс пен жетістік тілеймін!

**Құрметпен,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ  
ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректор  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

## Білімді жастар – ел болашағы

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!**

Сіздерді Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Білім мен ғылым жүйесі түбегейлі реформалауды талап етеді. Енді бұл саланың маңызы арта түсетіні анық. Тіпті экономиканың өзі соған тәуелді болмақ. Бүгінгі білімді жастар ертең Қазақстанды алға жетелейтін мамандарға, кәсіпкерлерге, басшыларға айналады. Сондықтан мен білім мәселесіне ерекше мән беремін», – деп атап өткен болатын. Шын мәнінде заманауи озық білім мен ғылымды игеріп, жаңа инновациялық ілімді меңгерген қабілет-қарымы мықты жастар – еліміздің болашағы.

Өздеріңіз білетіндей,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы көшбасшы оқу ордасы. Мұны ұлттық рейтинг көрсеткіштері айғақтайды. Университетіміз жоғары оқу орындары арасында жетік білім бағдарламаларымен танымал. Жыл сайын 100-ден аса білім беру бағдарламалары жаңартылады, 2024/25 оқу жылында да сол межеден көріндік.

Биыл бакалавриат бойынша мемлекеттік білім гранттарын беру конкурсының нәтижелері негізінде 4022 жас біздің университетке оқуға түсті. Мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері негізінен халықаралық және республикалық олимпиадаларды жеңіп алған жастар. Оның ішінде «Алтын белгі» иегерлері мен үздік түлектер

бар. Биыл магистратураға түскендер саны – 747, ал докторантураға түскендер – 705. Келісімшарт негізінде 1748 талапкер білім алмақшы.

Бұл үлкен жетістік. Университет ұжымы жастарға сапалы білім беру үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

Біз білімге құштар жастарды әрдайым қолдаймыз.

Еліміздің көшбасшы оқу ордасын таңдаған білім алушыларға зор ізденіс пен табыс тілеймін.

Қазақстанның жарқын болашағы жолындағы талаптарыңыз оң болсын!

**Құрметпен,  
Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
Басқарма Төрағасы –  
Ректор Жансейіт  
ТҮЙМЕБАЕВ**

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор

## Ұлттық даму жоспары – нақты бағдарламалық құжат

**Мемлекет басшысы  
Қасым-Жомарт Тоқаевтың  
жарлығымен бекітілген Қазақстан  
Республикасының 2029  
жылға дейінгі Ұлттық  
даму жоспары экономикалық  
дамудың жаңа парадигмасын іске  
асыруды көздейді.**

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған стратегиялық жоспар Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарымен тығыз астастырылып, жүйелі сабақтастырылған. Ұлттық даму картасында елдің жалпы ішкі өнімі алдағы бес жылда

450 миллиард долларға жетіп, нақты экономикалық өсу қарқыны 5,3-тен 6,7-ге дейін, өмір сүру ұзақтығы 77 жасқа жетуі тиіс деп көрсетілген. Осы және басқа да бағдарлы көрсеткіштердің астарында ел дамуына серпіліс жасайтын орасан зор әлеует жатыр. Өйткені нысаналы индикаторларға қол жеткізу келесі онжылдықтың басына қарай барлық қазақстандықтардың әл-ауқатын тұрақты түрде арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлт жоспары өзінің мазмұнымен, алға қойылған міндеттердің айқын басымдылығымен, әлеуметтік бағыттылығымен ерекше. Бағдарламалық құжат өмір сүрудің



жоғары сапасын қамтамасыз ету және денсаулық мәселелерін шешу қажеттілігінен басталады. «Денсаулық сақтау» көрсеткіштерінде халықтың салауатты өмір салты бойынша сауаттылығын арттыру, репродуктивті және психикалық ден-

саулықты нығайту жаппай міндеттеледі. Мінез-құлықтық қауіп факторларының алдын алу, вакцинациялау, профилактикалық тексеру және скринингтен өту алдыңғы кезекке қойылған. Ана мен бала өлімін азайту, санитарлық-эпиде-

миологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету, денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесін жетілдіру сеніп тапсырылған. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, медициналық көмек көрсету сапасын арттыру бойынша кешенді шараларды қабылдау қажеттігіне басымдық берілген. Оның ішінде жасанды интеллект бағдарламаларын пайдалану, медициналық кадрлардың біліктілігін арттыру, жоғары медициналық білім беру ұйымдарын халықаралық аккредиттеу, университеттік ауруханалар мен емханалар құру және оларды дамытуға ден қойылған.

Жалғасы 2-бетте

4-бет

**Конституция –  
мемлекеттің  
негізгі заңы**



5-бет

**Жаңа ғылыми  
зерттеулерге  
жол ашады**



7-бет

Айжамал БАЙСЕЙІТОВА:

**Мақсатым –  
биологиялық  
белсенділігі жоғары  
дәрумендер жасау**



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор

# Ұлттық даму жоспары – нақты бағдарламалық құжат

Соңы. Басы 1-бетте

Жоспарды іске асырудың негізгі қағидаттарының қатарында «сапалы білім беру, кәсіпкерлік және шығармашылық бастамаларды қолдау», сондай-ақ «инновациялық белсенділікті арттыру, серпінді кәсіпкерлік орта құру» қажеттігі бар. Бұл міндеттемелер бұлжытпай орындалуы тиіс, өйткені Президент Қасым-Жомарт Тоқаев іс жүзінде білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа басшылық жасайды және бақылауды жүзеге асырады.

Даму жоспарында ғылымның ұлттық моделін қайта іске қосу, ғылымды қаржыландыру, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру, ғылыми кадрлардың қатарын жасарту қажеттігі айтылған. Коммерциаланған жобалардың үлесін арттыру, ғылымды басқару сапасын жақсарту, университет ғылымын дамыту, ғылыми қызметкерлер санын көбейту күтілуде. Ғылыми зертханалар мен ЖОО жанындағы ғылыми-технологиялық парктерді қолдау бағдарламасын әзірлеу жоспарлануда.

Қазақстандағы жоғары білімнің алдында заманауи сын-қатерлерге, соның ішінде онлайн және аралас оқытуды белсенді енгізу арқылы жаңа сұраныстарға тиімді бейімделу міндеті тұр. Оқыту процесіне индивидуалды және тиімді білім беру моделіне көшуді қамтамасыз ететін ЖИ технологияларын ұдайы енгізетін болады.

Генеративті жасанды интеллект интеграциясына білім беру процесін бейімдеу бойынша жұмыс Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 2023 жылы басталды. Жұмыс берушілер ЖИ дағдыларын меңгерген түлектерді жоғары бағалайды. Сондықтан университет білім алушы жастардың GenAI бағдарламаларын игеруіне барынша жағдай жасауда.

Бүгінгі таңда білім ордасы ғылыми-зерттеу университеті мәртебесіне сәйкес, университеттік ғылымды кешенді дамытуға күш салуда. Ғылыми-зерттеу базасын жақсартып, қажетті жабдықтар мен технологияларды жаңарту және ғылыми жобалар есебінен ұжымдық пайдаланудағы оқу зертханаларын заманауи жарақтандыру қолға алынуда. IT-инфрақұрылымға инвестиция салуды, университет пен оқу орны жанындағы ғылыми-зерттеу институттарының паспорттың цифрландыруды жолға қойды. Сонымен қатар E-Labs модулін іске қосу, құжат айналымын 2025 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін электрондық форматқа ауыстыруды көздеп отыр.

ҚазҰУ бұдан бөлек, қазіргі сәтте Шанхай ынтымақтастық ұйымы мемлекет басшылары



кеңесінің отырысы аясында қол жеткізген келісімдерді жүзеге асыруды бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің кездесуі аясында суперкомпьютер орнату бойынша ресми құжатқа мөр басылған болатын. Қытай Халық Республикасының Үкіметі суперкомпьютерді ҚазҰУ қалашығына тарту етпек. Екіжақты жоспар бойынша суперкомпьютер ҚазҰУ-ға қыркүйек айында жеткізіледі. Қуатты компьютерлерді орналастыру қосымша уақыт талап ететіндіктен, жаңа орталықты пайдалануға беру жыл соңына дейін жалғасады. Бұл ғылыми зертхана жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы ғылым-сарапшыларға деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Суперкомпьютердің ең жоғары өнімділігі 1,94 PFLOPS құрайды және Орталық Азиядағы ең қуатты құрылғы болмақ.

Тағы бір үлкен жаңалығымыз, 2025 жылдан бастап ҚазҰУ ғарышқа наноспутник ұшыруға дайындалуда. ШЫҒА саммитінде оқу орнымыз Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен микроспутниктік ғылыми зерттеу жобаларын жүзеге асыруға уағдаласты.

ҚазҰУ-дың Инновациялық технологиялар паркі өндірістік робототехника және роботтандыру бойынша инженерлік компетенция орталығын ашуды қарастыруда. Осы мақсатта университет «Автоматты қазандықтар» ЖШС, «Қазақстандық автоматтандыру және робототехника қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі және Оңтүстік Дания университетімен бірлескен консорциум құрды. Наурыз айында Қазақстандағы КУКА компаниясының дистрибьюторы «Quality Technologies» ЖШС-мен роботтарды жеткізу бойынша шарт жасалды. Шартқа сәйкес, өндірістік роботтарды жеткізу мерзімі алты айды құрайды.

Білім ордасында Samsung, Huawei, ZTE және басқа да жетекші компаниялардың ғылыми және білім беру орталықтары жұмыс істейді. Huawei компаниясының қолдауымен Қытайдың Солтүстік-батыс

политехникалық университетінің филиалы аумағында «5G/5.5G коммуникациялық технологиялар» зертханасы құрылды. Ашылу салтанатына Қытай Халық Республикасы мемлекеттік кеңесі премьерінің орынбасары Лю Гочжун қатысты. Орталықта телекоммуникациялық байланыс жүйелерінің мамандарын даярлау, жаңа технологияларды меңгеріп, интернет жылдамдығын жетілдіру, 6G желісін енгізу жұмыстары атқарылады.

Қазіргі мезетте ҚазҰУ ғалымдары құны 26 млрд 240 млн 781 мың теңге тұратын 394 жобаны жүзеге асыруда. Географ-ғалымдарымыз ұтып алған 3,8 млрд теңгенің мегагранты аясында факультетте «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы ашылып, алғашқы нәтижелерін көрсете бастады. Орнықты даму мақсаттарын іске асыратын 10 инновациялық зертхана Ұлттық даму жоспарының негізгі көрсеткіштерін толықтай қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұған қосымша, «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасы іске қосылды. Жаңа орталық Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруінен болатын су тапшылығы, құрғақшылық, жердің құнарсыздануы, аймақтағы су тасқыны, жер сілкінісі сияқты табиғи қауіп-қатерлерге мониторинг жүргізеді.

Мамандар климаттық өзгерістердің әсерінен Қазақстанда су тапшылығы орын алу қаупі барын болжап отыр. Сын-қатерлердің алдын алу үшін ҚазҰУ-да биыл «Су дипломатиясы» мамандығы ашылды. Білім беру бағдарламасы өзекті су мәселелерін шешуге, су ресурстары мен экологиялық мәселелерді терең түсінуге, суды пайдалану саласындағы келіссөздердің әдістері мен тәсілдерін меңгеруге ықпал етеді.

Химия және химиялық технология факультетінде ашылған заманауи Farabi Chem Science тоғыз ғылыми зертхана кластері мен Chemical Coating innovations ғылыми-өндірістік орталығы білім мекемесінің кадрлық әлеуетін біршама нығайтты. Сондай-ақ жаңа

орталықты гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 1 млрд теңгеге материалдық-техникалық жабдықтауға мүмкіндік берді. Оқытушы-ғалымдар мен студенттер кластерде мұнай химиясы саласында тереңдетілген зерттеулер жүргізеді. Отандық медициналық-биологиялық құралдар мен бактерияға қарсы қорғаныш жабындарын алудың оңтайлы әдістерін де әзірлейді. Мәселен, ота кезінде пайдаланылатын хирургиялық жіптің бетіне ойластырылған антибактериалды жабын медицина саласы үшін таптырмайтын дүние. Өз кезегінде жараны тіккен жіптердің бетіне бактериялар жиналып, инфекция тудырмаудың алдын алады. Бактериямен күресетін наноөлшемдегі жабындылардың жарамдылығы – бір ай, елімізде бұрын-соңды өндірілген емес. Университет базасында шығарылып жатқан гальваникалық қаптамалар да машина жасау өндірісі үшін өз септігін тигізери анық.

Ал сәуір айында тұтынушылар игілігіне берілген «Фараби» заманауи обсерваториясы – университеттік ғылымды дамытуға жасалған тағы бір маңызды қадам. Ғарыш әлеміне қызығушылар мұнда деректерді өңдеу, жинау және тарату, қазақтан басқару, фотометрлерді қолдану, ірі телескоптармен жұмыс істеу әдістерін үйренеді. Соңғы үлгідегі телескоптар әзірге басқа оқу орындарында кездеспейді.

Бұған қосымша, ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойына орай, жаңадан бой көтерген 4000 шаршы метрлік «Farabi HUB» инновациялық орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Инновациялық хаб талантты кәсіпкерлер мен инновациялық стартаптарды тарту алаңына айналмақ.

«Стратегиялық әріптестік» моделін дамыту бағытында ҚазҰУ АҚШ-тың Penn State университетімен IT бағытында бірлескен ғылыми орталық құру, Францияның Экология және қоршаған орта институтымен «Орталық Азияны зерттеу жөніндегі археозоологиялық орталық» зертханасын құру, Жапонияның Цукуба университетімен бірлескен Сейсми-

калық орталық құру туралы келісімге қол қойды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалын Ресейдің Омбы қаласында ашу келісімдері жасалуда. Бұл Ресейдегі халықаралық құқық, кеден ісі және филология саласында екі ел үшін мамандар даярлайтын алғашқы қазақстандық филиал болмақ.

Университет халықаралық беделін арттыруға әрдайым айрықша мән береді. Биыл QS World University Rankings – 2025 (QS WUR) халықаралық рейтингінде өз көрсеткішін 67 позицияға жақсартты. Әлемдегі Top-200 университет қатарына кіріп, 163-орынға табан тіреді. Ал Times Higher Education University Impact Rankings – 2024 халықаралық рейтингінде Top 401-600 орынға ие болды. Білім ордасы бірден 400 позицияға алға жылжып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. QS Asia University Rankings халықаралық рейтингінде 29-орынға ие болды.

Өмір сүруді жайлы ету, әлеуметтік тұрақтылық деңгейін сақтау және арттыру көрсеткішінің орындалуы да білім шаңырағында назардан тыс қалмайды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға инфрақұрылым мен қызметтердің ыңғайлығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Осы мақсатта инклюзивті білім беру тұжырымдамасы бекітіліп, арнаулы әлеуметтік қолдаулар көрсетілуде. Оқу ғимараттарының алдына, сондай-ақ кампусқа тайғақ емес жабындармен және тірек тұтқаларымен жабдықталған жаңа сырғыма баспалдақтар орнатылды. Кампуса және оқу ғимараттарында бағыттаушы жолақтар салынған. Тұрақ орындары, жеделсатылар, кіреберіс және ішкі есіктерге ақпараттық көрсеткіштер қойылды.

Ұлттық даму жоспарында жастардың салауатты өмір салтын ұстанудағы сауаттылығын арттыруды білім беру ұйымдары деңгейінде ұйымдастыру нақты көрсетілген. Бұл бағытта университетте бұқаралық спортты дамыту басты қағидаға айналған. Жақында 1986 жылы салынған 3000 орындық стадион күрделі жөнделуден өтіп, пайдалануға берілді. Жаңа стадион УЕФА мен ФИФА ұйымдарының халықаралық талаптарына сай жасалған. Футбол алаңының жаңанды жабындысы мен дренаж жүйесі әлемдегі Top-3, Орталық Азиядағы Top-1 талабына сәйкес келеді. Спорт кешенінде түрлі спорт түрлерімен шұғылдануға еркіндік берілген.

Қазіргі сәтте Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына күрделі жөндеу жүргізілуде. ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңі бойынша үш оқу корпусы мен үш жатақхананың құрылыс жұмыстары басталды. Көшбасшы университет алдағы қызметінде де Ұлттық индикаторлар картасына сәйкес, нақты істер, жемісті нәтижелер ұсынатын болады.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары – нақты қол жеткізуге болатын мақсаттары мен міндеттері бар бағдарламалық құжат. Оны жүзеге асыру үшін әрбір қазақстандық Мемлекет басшысының идеялары төңірегінде топтаса отырып, алға қойған мақсатына өз жұмыс орнында бұлжытпай жетуі қажет.

# Индонезия университетімен

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Индонезияға жұмыс сапары барысында Маликуссалех университетінің ректоры Герман Фитрамен кездесті.**

Тараптар келіссөз жүргізіп, ҚазҰУ мен Маликуссалех университеті арасында байланыс орнату жайын талқылады.

Кездесуде ректорлар ынтымақтасуға ниет ету құжатына қол қойды. Келісім арқылы университеттер ғылым мен білім беру саласында өзара тиімді серіктестік орнатуға күш салады. Болашақта екі жоғары оқу орны академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқытушылар мен студенттер алмасып, бірлескен семинарлар мен ғылыми конференциялар өткізеді. Сонымен қатар ортақ ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Маликуссалех университетінің ректоры Жансейіт Түймебаевқа оқу ордасының тарихы туралы айтып, қызметімен таныстырды. Герман Фитра өз сөзінде бүгінгі келісім екіжақты байланысты дамытуға негіз болатынын жеткізді.

«Маликуссалех университеті ҚазҰУ-мен жан-жақты серік-

## әріптестік орнады



тестікті дамытуға мүдделі. Бүгінгі келіссөз екі университет арасындағы басты нәтиже. Алдағы уақытта маңызды уағдаластықтарға қол жеткізетімізге сенімдімін», – деді Герман Фитра.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ілтипат білдіргені үшін Герман Фитраға алғыс айтып, екі университеттің мақсаты ортақ екеніне тоқталды.

«ҚазҰУ Маликуссалех университетімен тығыз қарым-қатынас жасауға ниетті екенін

атап өткім келеді. Менің Индонезияға жасаған сапарым екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беру тұрғысынан айтулы оқиға деп санаймын. Болашақта бірлесіп ауқымды нәтижелерге жететінімізге сенемін», – деді Жансейіт Түймебаев.

Жүздесу соңында тараптар аталған жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласып, естелік сыйлықтармен алмасты.

**Нұрсұлтан  
БАЗАРБАЙҰЛЫ**



## ҚазҰУ – халықаралық зерттеу бағдарламасының мүшесі

**Финляндияның Хельсинки университетінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PEEX (Pan-Eurasian Experiment) халықаралық бағдарламасын орындаушылардың жұмыс тобына кіруі туралы меморандумға қол қойылды.**

Қол қою рәсімі PEEX тобы мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-білім беру қызметінің нәтижелері таныстырылғаннан кейін өтті.

PEEX – Солтүстік Еуропадан Қытай Халық Республикасына дейінгі аймақтарды қамтитын климаттың өзгеруіне, ауа сапасына, қоршаған ортаны қорғауға және зерттеу инфрақұрылымына қатысты мәселелерді зерттеуге бағытталған көпсалалы бағдарлама.

ҚазҰУ делегациясы PEEX бағдарламасының өкілдерімен

– профессор Tuukka Petäjä, ғылым докторлары Hanna Lappalainen және Alexander Mahura мен кездесу барысында ғылым мен білім саласындағы бірлескен жобаларды пысықтады.

Тараптар ауа сапасының мониторингін, жаһандық климаттың өзгеруіне байланысты орын алатын табиғи апаттардың жай-күйін және жас ғалымдар, магистранттар мен докторанттардың академиялық ұтқырлығы мәселелерін талқылады.

**Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ**

# Кимчхон университетімен

## меморандумға қол қойылды

**Кимчхон университетінің президенті Юн Ок-Хённың Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сапары барысында екі жоғары оқу орнының өзара тиімді әріптестігі бағытын айқындайтын ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.**

Құрметті қонақтарды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор м.а. Еркін Дүйсенов қарсы алды.

ҚазҰУ бүгінгі таңда Оңтүстік Кореяның 60 университеті және ұйымдарымен, соның ішінде Сеул ұлттық және Каннам, Пусан шет тілдері, Донгук, Рене, Кукмин, Намсеул, Ханьян және т.б. бірқатар университеттерімен тікелей серіктестік қарым-қатынас орнатты. Ынтымақтастық студенттер мен оқытушылар алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру, профессорларды шақыру, PhD докторанттарға ғылыми-әдістемелік жұмыстарына басшылық жасау сияқты кең ауқымды бағыттарды қамтиды.

Проректор шығыстану факультеті мен Қиыр Шығыс кафедрасының қызметіне де тоқталды. Сондай-ақ университетте Корейтану халық-



аралық орталығы мен Тұрақты даму және қоршаған ортаны басқару ғылыми орталығы (SDRM) жұмыс істейді. Еркін Ерманұлы қонақтарды орталық құрамына кіретін әрі климат пен модельдеу, цифрлық картография және қолданбалы геодезия, GlobalSky, тұрақты туризм, су сапасын талдау және т.б. салаларда зерттеулер жүргізетін 10 зертхананың жұмысымен танысуға шақырды. Медицина және денсаулық сақтау факультетінде Эразмус+ жобаларын сәтті жүзеге асыратын «Инновациялық денсаулық сақтау» ғылыми-практикалық орталығы туралы баяндады. Сөз соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор м.а. Еркін Дүйсенов барлық өзара

тиімді бағыттар бойынша ынтымақтастыққа дайын екенін білдірді.

Өз кезегінде Кимчхон университетінің президенті Юн Ок-Хён ханым денсаулық сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және адам күтімі колледжерсін қамтитын жеке университеттің қызметі туралы айтты.

«ҚазҰУ-мен арада меморандум жасау – біз үшін маңызды қадам, ол әлемдік деңгейдегі оқу орындарының талаптарына сәйкес келетін, студенттері бақытты, оқудан кейін оңай жұмыс тауып, болашақтың көшбасшысы атанатын инновациялық типтегі университет мәртебесін алуға көмек береді», – деп атап өтті Юн Ок-Хён ханым.

**Гүл БАЯНДИНА**



## Бар-Илан университеті ҚазҰУ-дың 20 студентін оқытуға дайын

**Халықаралық ынтымақтастықты нығайту және ғылым мен білім саласындағы тәжірибе алмасу аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Бар-Илан (Израиль) университетінің делегациясымен кездесу өтті. Делегацияны инженерия факультетінің деканы Зеев Залевский басқарды.**

Кездесу барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор м.а. Еркін Дүйсенов қонақтарға көшбасшы оқу орнының қызметі мен жетістіктері туралы баяндады.

Келіссөздер барысында Бар-Илан университетінің инженерлік факультетінің деканы Зеев Залевский университеттің тарихы мен факультеттің білім беру бағдарламалары туралы әңгімелеп берді. Бар-Илан университетінің делегациясы академиялық байланыстарды дамытуға қызығушылық білді-

ріп, студенттермен алмасу және оқыту бағдарламасы бойынша бірлескен ынтымақтастыққа бағытталған бірқатар бастамаларды ұсынды.

Жаңа оқу жылында оқу орны ҚазҰУ-дың 20 студентін қабылдауға дайын. Соңында тараптар пікір алмасты және Бар-Илан университетінің делегациясы ғылым мен білім берудің түрлі салаларында ынтымақтастыққа негіз болатын өзара түсіністік туралы меморандум дайындауды және оған қол қоюды ұсынды.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

**Мемлекетіміз тәуелсіздігін бекіткен уақыттан бергі аралықта тәуелсіз Қазақстанның екі Конституциясы қабылданды. Алғашқы Конституциямыз 1993 жылы 28 қаңтарда, қолданыстағы Ата заңымыз 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған болатын.**

# Конституция – мемлекеттің негізгі заңы



ты шектеулі мәселелер бойынша ғана жүгіне алады. Ашып айтсақ, алдыңғы екеуі тек бір жағдайда ғана: Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің республика Конституциясына сәйкестігін қарау бойынша, ал бас прокурор республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарау, Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру және ҚР нормативтік құқықтық актілерінің республика Конституциясына сәйкестігін қарау мәселелері бойынша өтініш бере алады.

Аталғандарға қоса, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың рөлі күшейтілді. 2022 жылғы 8 маусымдағы аталмыш өзгертулерге сәйкес, республика Президенті әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін жою құқығынан айырылды. Сонымен қатар тиісті конституциялық реформамен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерінің қызметіне орналасу тәртібі өзгерді, атап айтқанда өзгертулерге дейін Президент облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астана мәслихаттарының келісімімен тағайындайтын болса, енді республика Президенті оларды тиісінше облыстың аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен қызметке тағайындайды әрі республика Президенті келісім беруге кемінде екі кандидатураны ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көп дауысын алған кандидат олардың келісімін алды деп есептеледі. Аталғанға қоса, ҚР Президенті Конституцияның 87-бабының 4-бөліміне сәйкес, бұрын өзінің ұйғаруы бойынша жалпы өкімдерді қызметтерінен босатуға құқылы болса, енді тиісті конституциялық реформаға сәйкес, ол өзінің ұйғаруы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін ғана қызметінен босатуға құқылы, тиісінше ол ендігі жерде аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін лауазымынан босата алмайды.

Сонымен қорытындыға келсек: Конституция – мемлекеттің діңгегі, елдіктің алтын қазығы. Қасиетті заңымыздың дамып-жетілуімен бірге егемен еліміздің жаңа тарихы жазылып жатыр. Мемлекет басшысы жариялаған саяси реформа аясында республикалық референдум өтіп, халық өз таңдауын жасады. Конституциялық реформа – ел өміріндегі жаңа сапалық кезең, өзгерістер бастауы.

**Алуа ИБРАЕВА,**  
заң ғылымының докторы,  
профессор

**Айгерім ЖАРБОЛОВА,**  
заң ғылымының кандидаты

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясының (1993 жылғы) қабылданғанына ұзақ уақыт өтпестен, 1995 жылы 30 тамызда Қазақстанның ерекет етуші Конституциясы қабылданды. 1995 жылғы Конституцияның жобасы бойынша Президент жанынан сараптық-консультативтік кеңес құрылып, жаңа Конституцияның жобасын жасау жұмысына қазақстандық және шетелдік белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері тартылды. Атап айтсақ: белгілі заңгер-академиктер Ф.Сапарғалиев, М.Сүлейменов, сонымен қатар заң ғылымының докторлары, профессорлар – В.Ким, Б.Мұхамеджанов, Е.Нұрпейісов, Н.Шайкенов, ресейлік ғалым С.Алексеев, Францияның мемлекет қайраткерлері Жак Атали мен Ролан Дюма т.б.

Тиісті тұлғалардың қатысуымен республиканың жаңа Конституциясының жобасы жасалып, жоба бүкілхалықтық талқылауға шығарылып, қоғам мүшелері тарапынан кеңінен талқыланды. Конституция жобасын талқылауға 3 миллионнан астам азамат қатысып, өз пікірлерін, көзқарастарын білдірді.

Қазақстан халқы 1995 жылы 30 тамызда тиісті Конституцияны қабылдай отырып, өзінің мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатынын жариялап, егемен құқығын жүзеге асырды. Референдумға сайлаушылардың 90,51 пайызы қатысып, олардың 89,14 пайызы жаңа Конституцияның қабылдануын жақтап дауыс берді.

Бұл Конституция бүкіл халықтың игілігінде өркениетті мемлекетті құрудың күрделі және ұзақ процесінің нәтижесі. Қазақстанның біртұтас халқының тікелей өрік білдіруімен дүниеге келген бұл тарихи акт республикамызды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, республикамыздың қоғамдық-саяси жүйесі үшін жаңа болып табылатын демократиялық институттарды құрды. Тұңғыш рет екі палатадан тұратын, тұрақты негізде жұмыс істейтін қазақстандық парламентаризмнің іргетасын қалады.

Біздің Конституциямыздың негізіне Франция Конституциясы алынды. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының негізіне Франция мемлекетінің Негізгі заңының алынуының өз себептері болды. Екі мемлекет те Конституцияларын қабылдау кезінде қиын, өтпелі жағдайда болды. Француз Конституциясы тым ауыр, қиын уақытта қабылданған еді.

Атап кеткеніміздей, Қазақстан 1995 жылғы Конституциясын қабылдауда Франция мемлекетінің Конституциясын

негізге алды. Бұл ҚР Конституциясы Франция Конституциясының көшірмесі болды деп айтуға негіз болмайды. ҚР Конституциясы Франция Конституциясынан көп ерекшеленеді. Біріншіден, құрылымы бойынша Қазақстан Конституциясы жинақы. Атап айтқанда, ҚР Конституциясының бір бөлімінде реттелген қатынастар Франция Конституциясының бірнеше бөлімінде реттелген.

ҚР Конституциясында адам мәселесіне ерекше орын берілген. Қазақстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері Конституцияның екі бөлімінде бекітілген. Республикамызда адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының, міндеттерінің конституциялық бекітілуін саралау оның шетелдерде тиісті мәселенің конституциялық реттелуінен біршама ерекшеленетінін көрсетеді. Мысалға, атап кеткеніміздей, Қазақстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері Конституцияның бір бөлімінде – «Адам және азамат» деп аталатын 2-бөлімде жалпы реттелсе, Өзбекстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері Өзбекстан Республикасы Конституциясының жеті бөлімнен тұратын 2-тарауында реттелген, басқаша айтқанда, Өзбекстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздерінің мазмұнын құрайтын элементтер Конституцияның бір тарауының ішінде жеке-жеке бөлімдерде бекітілген.

Конституция – бұл қатып қалған акт емес: уақыт өзгереді және тиісті өзгерістер конституциялық нормаларда көрініс табады. Қолданыстағы республика Конституциясына бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: 1998, 2007, 2011, 2017, 2019, 2022 жылдары. 2022 жылы екі рет өзгертулер енгізілді: 8 маусымда және 17 қыркүйекте. Біріншісі республикалық референдум арқылы енгізілді. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін республикалық референдум 2022 жылы 5 маусымда өткізілді. Референдумда респуб-

ликаның біртұтас халқы ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңда көрініс тапқан мемлекеттің саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Халықтың қолдауы жаңа, дамыған Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды.

Конституциямызға өзгертулер мен толықтырулар енгізген 2022 жылғы 8 маусымдағы заң республикалық референдумда қабылданды. Бұл заңмен Ата заңымыздың үштен бір бөлігіне өзгерістер енгізілді. Ашып айтсақ, ҚР Тұңғыш Президентінің барлық артықшылықтары алынып тасталды, Президенттің саяси бейтараптылығы бекітілді. Президенттің, оған қоса, Конституциялық сот, Жоғарғы сот және өзге де соттардың төрағалары мен судьяларының, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелерінің де өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде саяси партияға кіруге болмайтыны бекітілді.

ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізген 2022 жылғы 8 маусымдағы заңмен Президенттің жақын туыстарына мемлекеттік саяси қызметшілердің және квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруына тыйым салынды; Сенаттың Президент тағайындайтын депутаттарының саны 15-тен 10 депутатқа қысқарды; Парламент Мәжілісі депутаттарының саны 107 депутаттан 98-ге қысқартылды әрі Мәжілісті құру тәртібі өзгерді, атап айтқанда Мәжіліске депутаттар пропорционалды өкілдік ету және мажоритарлық жүйе бойынша сайланатын болды әрі мажоритарлық сайлау жүйесінің енгізілуіне орай, Мәжілістің бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутаттарын кері шақырып алу институты енгізілді; республикада заң шығару субъектілерінің қатары көбейді, ашып айтқанда республика Үкіметі уақытша заң күші бар акті қабылдау құқығын иеленді; заң шығармашылығында Мәжілістің рөлі артты – ендігі жерде заңды Мәжіліс

қабылдайтын, ал Сенат Мәжіліс қабылдаған заңды мақұлдайтын болды; Сенаттың рөлі артты, атап айтқанда Сенаттың келісімімен Президент тағайындайтын мемлекеттік орган басшыларының тізбесі кеңейді – Сенаттың келісімімен тағайындалатын тұлғалар қатарына республика Конституциялық сотының төрағасы және Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы қосылды; Республикалық бюджеттің атқаруына бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып өзгерді; өлім жазасы толығымен жойылды.

2022 жылы 8 маусымда республикалық референдумда халық Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, жер және жер қойнауының, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің, басқа да табиғи ресурстардың халыққа тиесілі екенін, ал мемлекеттің халықтың атынан меншік құқығын іске асыратынын бекітті. Тиісті конституциялық реформаның негізгі бір жаңалығы: ҚР Конституциялық Кеңесінің орнына Конституциялық сот құрылып, конституциялық бақылау институты жаңғыртылды, ҚР Конституциялық сотының ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері бекітілді. Оларға қысқаша тоқталсақ, ҚР Конституциялық соты 11 судьядан тұрады, оның төрт судьясын – республика Президенті, үш-үштен судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды. Конституциялық соттың өкілеттік мерзімі 8 жыл болып бекітілді әрі бір адамның Конституциялық соттың судьясы болып қатарынан екі реттен артық тағайындала алмайтыны реттелді. Атап кеткеніміздей, 2022 жылғы 19 қыркүйектегі конституциялық реформамен Конституциялық соттың судьясы болып бір адамның екі реттен емес, бір реттен артық тағайындалмайтыны бекітілді. Сонымен қатар ҚР Конституциялық сотына жүгінетін субъектілер қатарына азаматтар, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және бас прокурор қосылды. Бірақ бұл тұлғалар өзге субъектілерге қарағанда Конституциялық сотқа тек нақ-

# Ғылыми экспедиция тобы батыста жұмыс істеді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Тұрақты даму және табиғатты тиімді пайдалану» ғылыми орталығының Тұрақты туризм зертханасының қызметкерлері Батыс Қазақстан өңірінде далалық экспедицияда болды.



Батыс Қазақстанның төрт облысының табиғи және мәдени-тарихи туристік нысандарын, сондай-ақ туристік инфрақұрылымын зерделеуді көздейтін зерттеулер бағдарламасына сәйкес, әкімдіктердің, туризм бөлімдері мен басқармаларының, туристік бизнес өкілдерімен, ғалымдар мен өлкетанушылармен, сондай-ақ туристермен кездесулер өткізілді. Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында жергілікті телеарналарда пікірталастар өтті. Ағымдағы жағдайды талдау және аймақтағы туризмнің тұрақтылығын халықаралық әдістеме бойынша бағалау үшін ауқымды материалдар жиналды.

Өңірдің тұрақты дамуы – мегажобаның негізгі мақсаттарының бірі. Біздің зертхананың ортақ міндеттерді шешуге қатысуының мақсаты – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы контекстінде туризмнің синергиялық әсері арқылы аумақтардың орнықты даму трендін іске асыру. Қызмет көрсетудің 30-дан астам бағытымен байланысты болған туризм, басқа салалар сияқты, біздің планетамыздың әл-ауқатын жақсартуға және қорғауға, ең алдымен білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту, климаттың өзгеруіне қарсы күрес және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жаһандық тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге ықпал етеді. Зерттеу тобы шеше алатын ең өзекті мәселелері ТДМ 4, 8, 9, 12, 17, 15 және басқаларымен байланысты болып келеді.

Жергілікті жерлердегі серіктестермен келісілген экспедициялық жұмыстар жоспарына сәйкес, ғылыми экспедиция тобы өз зерттеулерін Ақтөбе облысынан бастады. Экспедиция қатысушылары жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерімен бірге Ақтөбе қаласының көрнекті жерлерін, сондай-ақ облыс аумағындағы перспективалы нысандарды аралады. Олардың ішінде 1930-50 жылдардағы Түйетөбедегі қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, «Ардағым» шаруа қожалығы, Қарғалы суқоймасы, «Қасқыр» сарқырамасы және Мылқау ауылы болды. Сондай-ақ ғылыми қызметкерлер Қобда ауданы Әлия ауылында орналасқан «Әлия» облыстық патриоттық тәрбие орталығында, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туған

ауылы Бұлақтағы үй-музейінде, халық батыры Исатай Тайманұлының кесенесінде болды.

Зерттеулер одан әрі Батыс Қазақстан облысында жалғасты. Жұмыс барысында экспедиция қатысушылары облыстың бес ауданына барып, келешегі зор туристік нысандармен танысты. Олардың ішінде Тақсай-2 қорғандарын, Теректі ауданының өлкетану мұражайын, «Дубрава» мемлекеттік табиғи қаумалын, Торыатбас тауын, «Қыз әулие» сарқырамасын, Сарыкөл тұзды көлін, Аққұм құмдарын, Құныскерей үңгірін және халық арасында «Дәдем ата» деп аталатын Жұмағазы Әзірет кесенесін айтуға болады.

Қазақстанның батыс қақпасы болып табылатын тарихи орталық ретінде Орал қаласының өзі жоғары туристік әлеуетке ие. Орал қаласының туристік көрікті жерлерімен танысқанға дейін экспедиция қатысушылары Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұржан Өтепбаевпен кездесті. Әңгіме барысында туристік әлеуетті іске асыру мәселелері және оған кедергі келтіретін негізгі проблемалар талқыланды. Тараптар туристік дамуды жоспарлау кезінде аумақтардың тұрақтылығы мәселелері бірінші орында тұруы тиіс деп келісті. Мемлекеттің инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге қатысуының, туризмді дамыту үшін бизнесті ынталандырудың және өңірге ішкі және шетелдік туристерді тартудың маңыздылығы атап өтілді.

Сосын ғылыми экспедицияның жұмысы Атырау облысының аумағында жалғасты. Ғалымдар барған табиғи және тарихи-мәдени нысандардың ішінде Индер тұзды көлі; Махамбет ауданында және ішінара Атырау маңында орналасқан «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты, Махамбет ауданындағы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығы, Құрманғазы ауданы Қиғаш өзеніндегі лотос гүлденуінің ең солтүстік нүктесі болып саналатын лотос алқабы және Атырау қаласының туристік көрікті жерлері болды.

Экспедициялық зерттеулердің соңғы бөлігі Маңғыстау облысымен және Ақтау қаласы-

мен байланысты. Аумақ Батыс Қазақстан өңірінің басқа облыстарымен салыстырғанда ең үлкен туристік ағынмен сипатталады. 2024 жылғы маусымда туризмді дамыту жөніндегі кеңесте ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық деңгейде Қазақстан туризмінің визиттік картасы болуға тиіс неғұрлым перспективалы туристік нысандарын дамыту туралы айта отырып, Маңғыстаудың жағажай туризміне атап өтті. Мемлекет басшысы Маңғыстау облысына қонақүй және мейрамхана бизнесінің әлемдік брендтері мен франшизаларын тартуды, Дубай мен Баку қалаларының үлгісі бойынша жағалау бойындағы курорттық дамуын ескере отырып, Ақтаудың бас жоспарын қайта қарауды ұсынды.

Облыс аумағында қызықты табиғи нысандар, киелі туризм нысандарына жатқызуға болатын тарихи ескерткіштер орналасқан. Олардың ішіндегі ең маңыздыларын экспедиция қатысушылары аралады. Атап айтқанда, Тұзбайыр соры, Көге этноауылы, Шерқала тауы, Торыш шатқалы, Қарақия ойпаты, Шопан ата және Бекет ата жерасты мешіттері, Бозжыра шатқалы сияқты нысандардың қазіргі жағдайымен танысып, оларды GPS-байланыстыру және фотофиксациялауды жүзеге асырды. Туристермен және туристік сала қызметкерлерімен сұхбат жүргізді, туристік маршруттардың логистикасы және туристік инфрақұрылымның жай-күйімен танысты.

Экспедиция мегажоба шеңберінде туризм дамуының тұрақтылығын бағалау бойынша далалық зерттеулердің бірінші кезеңі болғандықтан, негізгі нәтиже талдау үшін жиналған нақты материалмен, стейкхолдерлермен тікелей байланыс орнатумен, тұрақты туризмге және олардың тұрақты даму мақсаттарымен байланысына әсер ететін негізгі проблемалар мен факторларды зерделеумен анықталады. Өңдеуден және түсіндіруден кейінгі бастапқы материал ғылыми жарияланымдарды дайындау және жобалау аумағын туристік картаға түсіру кезінде пайдаланылатын болады.

**Александр АРТЕМЬЕВ,**  
**Серік МОМЫНОВ,**  
Рекреациялық география және туризм кафедрасының оқытушылары

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Ұстаздың оралуы» тақырыбында фарабитанушылардың республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Іс-шараны «Ғылым ордасы», Алматы қаласының Білім басқармасы, ҚазҰУ жанындағы Әл-Фараби орталығы және «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті ұйымдастырды. Екі күндік іс-шараға фарабитанушы ғалымдар, оқытушылар мен студенттер қатысты.

## Жаңа ғылыми зерттеулерге жол ашады



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығының атынан Басқарма төрағасының орынбасары – бірінші проректор м.а. Еркін Дүйсенов сөз сөйлеп, Әбу Насыр әл-Фарабидің есімімен аталатын университет шығыс ойшылының идеяларын насихаттауда үлкен жұмыс атқарып отырғанын айтты. «Әл-Фараби есімі қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік дамуы үшін зор маңызға ие. Ұлы ойшыл ғалымның мұрасы – түркі мәдениетінен нәр алатын қазақ мәдениетінің терең бастауын бейнелейтін біздің ұлттық қазынамыз», – деді Еркін Ерманұлы.

Конференция модераторы, философия факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев іс-шара әл-Фараби мұраларын жаңғыртуға, фарабитану саласында жаңа ғылыми зерттеулерге жол ашатынын атап өтті. «Ғылым ордасының» бас директоры Ұлар Мұқажанов «аталған конференция Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына және мәдениеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл толуына, сондай-ақ Алматы қаласында Түркі халықтары мәдени қорының 25 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр» деді. Осыдан 50 жыл бұрын Алматыдағы Азия және Африка елдері жазушыларының V конференциясы аясында әл-Фараби мұрасына арналған жиын өткен болатын. Бүгінгі конференцияның «Ұстаздың оралуы» деп аталуы да осы датаға байланысты.

Конференцияға Нидерландыдағы «Еуразия перспективасы» академиялық орталығының басшысы Зифа-Алуа Әуезова бейнебайланыс арқылы қатысты. «Орталық Азияның зияткерлік тарихымен айналысатын ғалым ретінде Әбу Насыр әл-Фараби, Мағжан Жұмабаев және Мұрат Әуезов есімдері мен үшін ерекше маңызға ие. Әрине, бұлар бір-біріне ұқсамайтын, қай жағынан алсақ та, ерекше қайталанбас тұлғалар, олардың өмір сүрген дәуірі, ауқымы да бөлек, сол

кездегі қоғамдағы сын-тегеу-ріндері мен зияткерлік орта мүлдем басқа болды. Соған қарамастан, Мұрат Мұхтарұлының ғылыми, шығармашылық ұстанымына философ әл-Фараби мұрасы үлкен әсер етті. Мұрат Мұхтарұлының философия тарихына деген қызығушылығына ғұлама ұстаздың Орталық Азия мен Таяу Шығыстың интеллектуалдық тарихындағы ерекше рөлі ықпал етті», – деді спикер.

Тарихшы маман, PhD, ЮНЕСКО аясында Халықаралық мәдениеттерді жақындас-тыру орталығы директорының орынбасары Игорь Крупко өз баяндамасында V конференция сабақтарына тоқталып, тарихи, мәдени, рухани байланыстар жөнінде өз ойларын ортаға салды.

Пленарлық отырыста Алматы қаласындағы Түркия Республикасы консулдығының білім атташесі Айхан Қорқмаз, «Түркі халықтарының мәдени қорының тарихы мен мақсаты» түркі халықтарының мәдени қорының басшысы Ахмет Дайтуран, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Мәдина Тыныбаева, ҚазҰУ профессоры, фарабитанушы ғалым Жақыпбек Алтаев, философия ғылымының докторы, профессор, философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдар докторы Ай-нұр Құрманалиева сынды ғалымдар мазмұнды баяндамалар жасады.

Екі күндік конференция жұмысы секциялық отырыстар аясында жалғасты. Мамандар қазіргі фарабитанудың өзекті мәселелері бойынша ой бөлісіп, пікір алмасты. Іс-шара аясында «Қазақстан әдебиеті мен өнеріндегі әл-Фараби» кітап көрмесі, «Қазақстанның ғылым мен мәдениет тарихында әл-Фараби бейнесі» атты сурет көрмесі және «Әл-Фараби» ғылыми-танымдық ақпараттық орталығының ашылу рәсімі өтті.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

**Недавно Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев принял участие в работе Всемирного климатического саммита под эгидой Конференции ООН по изменению климата, на котором выступил с несколькими инициативами. Как заявил Глава государства, наша страна, являясь ведущим экспортером урана, обеспечивающим 43 % мировых поставок, играет решающую роль в производстве электроэнергии без выбросов углерода в глобальном масштабе.**

# Казахстан активно поддерживает «зеленые» инициативы

ным гидрологическим явлениям. Мы не должны допустить, чтобы ситуация вышла из-под контроля.

С одной стороны, Казахстан активно поддерживает «зеленые» инициативы. Республика ООН разделяет призыв ООН к конкретным действиям по сохранению окружающей среды для будущих поколений. Ратифицируя Парижское соглашение и принимая Стратегию углеродной нейтральности до 2060 года, Казахстан решил присоединиться к Глобальному обязательству по сокращению выбросов метана. Принятие нового Экологического кодекса Казахстана будет способствовать всесторонней адаптации зеленых технологий практически в каждом секторе национальной экономики.

С другой стороны, «зеленый переход» – процесс долгий и неоднозначный. Президент считает принципиальным и справедливым не требовать от стран с развивающейся экономикой приносить в жертву национальное развитие и модернизацию во имя защиты климата. Напротив, эти цели должны идти рука об руку и подкреплять друг друга. Сейчас энергетика страны в основном построена на угле. По запасам каменного угля Казахстан входит в десятку стран-лидеров, государственным балансом учтены запасы



по 49 месторождениям и составляют 33,6 млрд тонн. Это наше богатство. Должны ли мы от него отказываться?

Мы стремимся решить масштабную в странах нашего региона проблему угля путем реализации в Казахстане первого в регионе Партнерства по справедливому энергетическому переходу (JETP), подчеркнул Президент. Существует достаточно большое количество направлений, где Казахстан мог бы внести свой весомый вклад в глобальные «зеленые» программы. Например, по мере декарбонизации мира в ближайшие десятилетия важнейшие минералы, в том числе редкоземельные, станут незаменимыми. Казахстан готов стать основным поставщиком этих минералов переходного периода. Редкоземельные ме-

таллы – это «витамины» промышленности, без них невозможно развитие никаких новых технологий. В Казахстане они есть. В Европе, – практически отсутствуют.

Казахстан и сам выдвигает целый ряд природоохранных инициатив. Мы призываем выделять больше средств на поддержку Международного фонда спасения Аральского моря. Казахстан примет председательство в Фонде в следующем году и надеется привлечь всех партнеров к решению этого вопроса. Президент пригласил участвующие государства на Международный форум Астана в июне 2024 года. Форум может послужить диалоговой платформой для продолжения целенаправленного сотрудничества по острым вопросам, связанным с климатом, до COP 29.

Чтобы придать импульс действиям по защите климата в Центральной Азии, мы также решили создать Региональный климатический саммит в Казахстане в 2026 году под эгидой ООН.

Наша страна обладает огромным потенциалом для развития ветровой и солнечной энергетики, а также для производства «зеленого» водорода. Мы продолжим тесное сотрудничество с нашими партнерами, чтобы раскрыть данный потенциал. Чтобы «зеленые» инициативы увенчались успехом, мы призываем наших друзей и партнеров оказать конкретную поддержку, в том числе – мы надеемся, что международное сообщество расширит свои обязательства по увеличению финансирования климатических программ.

Чрезвычайная климатическая ситуация – это глобальный кризис, который требует глобального ответа, подчеркнул Касым-Жомарт Токаев. Казахстан твердо убежден, что только коллективные действия и сотрудничество помогут нам разрешить эту проблему.

**Таиса КУРМАНОВА,  
Айгуль САДЕНОВА,**  
преподаватели кафедры  
языковой и  
общеобразовательной  
подготовки иностранцев  
факультета довузовского  
образования

**В рамках профилактических мер был проведен кураторский час со студентами 2 курса специальности «Сестринское дело» кафедры политики и организации здравоохранения факультета медицины и здравоохранения, на тему «Профилактика профессиональных заболеваний».**

# Профилактика профессиональных заболеваний

– неприменение, отсутствие или несовершенство средств индивидуальной защиты;  
– нарушение правил техники безопасности и производственной санитарии;  
– отступления от технологического регламента;  
– аварийные ситуации;  
Наиболее распространенные виды профессиональных заболеваний

– заболевания (отравления), вызываемые воздействием химических факторов с преимущественным поражением органов дыхания (токсический бронхит), нервной системы (токсическая энцефалопатия), печени (гепатит), почек и мочевыводящих путей, заболевания кожи (дерматит);  
– заболевания, вызванные воздействием промышленной аэрозолей (пневмокониозы);  
– заболевания, вызванные воздействием вибрации (полинейропатия, вибрационная



болезнь, шума (двусторонняя нейросенсорная тугоухость разной степени тяжести);

– при воздействии ионизирующего излучения (ожоги, лучевая болезнь);  
– заболевания, связанные с физическими перегрузками и перенапряжением отдельных органов и систем (невропатия, мышечно-тонический синдром, радикулит);  
– заболевания, вызванные

воздействием биологических факторов (бруцеллез, аллергический контактный дерматит, экзема, аллергическая бронхиальная астма).

Основные мероприятия по профилактике профессиональных заболеваний:  
– обеспечение безопасных условий труда и недопущение аварийных ситуаций;  
– применение технологических мер по механизации и

автоматизации производства, дистанционное управление;  
– проведение специальной оценки условий труда (СОУТ) работников;

– организация и проведение производственного контроля производственных факторов;  
– организационно-технические, санитарно-гигиенические и административные меры по уменьшению воздействия вредных производственных факторов на работающих (соблюдение режима труда, внедрение принципа защиты расстоянием и временем, контроль за применением СИЗ и др.);

– проведение предварительных и периодических медицинских осмотров (обследований) работников с целью раннего выявления заболеваний;

– проведение санаторно-курортной реабилитации лиц из групп повышенного риска;

– проведение общеоздоровительных, общеукрепляющих мероприятий, направленных на закаливание организма и повышение его резистентности;

– обеспечение работников лечебно-профилактическим питанием.

**Акерке КУСАЙЫН,**  
преподаватель  
факультета медицины и  
здравоохранения

Айжамал БАЙСЕЙІТОВА, профессор:

# Мақсатым – биологиялық белсенділігі жоғары

## дәрумендер жасау

**Айжамал Байсейітова – PhD, Оңтүстік Кореяның Кенсан ұлттық университетінің қолданбалы өмір туралы ғылымдар факультетінің профессоры. Органикалық және табиғи қосылыстар химиясы лабораториясында зерттеу жүргізеді. ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің түлегі.**



Айжамал Байсейітова Алматы қаласында туып-өскен. Оның айтуынша, ғалым болу бала кезінен арманы екен. Он жасынан бастап ғылыми жобалар конкурстарына қатысып, бағын сынаған.

– Оқушы кездегі көкейімдегі басты сұрақ: «Біздің ғаламның шегі бар ма?» болды. Философиялық зерттеулер арқасында жұмысым жоғары бағаланды, республикалық сайыстан жүлделі орын алып, ҚазҰУ-ға түсуге мүмкіндік туды. Мемлекеттің ең беделді оқу орнына өз күшіммен оқуға түскеніме отбасым сенген жоқ. Алайда университетке алғаш қадам басқан уақыттан бастап ғылымның нағыз төріне келгенімді сездім. Жоғары білім бергені үшін химия және химиялық технология факультетіне алғысым шексіз. Бұл университеттің профессорлары шәкірттері өз мамандығын үздік меңгеру үшін барын салады, – дейді ғалым. Ал Оңтүстік Кореяға қалай ат басын бұрғаны туралы сауалыма тұшымды жауап қатты.

– Армандарды мақсатқа ауыстыруға және сол мақсатқа жетуді ҚазҰУ-да жүргенде үйрендім. Бірінші курстан бастап университеттің теорияда сапалы білім беретінін, бірақ тәжірибеде бірнеше мағынада мүмкіндіктер аздау екенін түсіндім. Сол себептен магистратураны шетелде оқуды мақсат етіп қойдым. Оқудың соңғы жылы сәті түсіп Органикалық химия және табиғи қосылыстар химиясы кафедрасының сол кездегі жас профессорларының бірі Жанар Жеңіс менің ғылыми жетекшім болып, тәрбиелей бастады. Жетекшімнен бірнеше халықаралық конференцияға қатысып, мақалалар жазып, соңында Қытайға ғылыми тәжірибе

алмасуға бардық. Солардың біріңде, Таиландта өткен конференцияда қазіргі профессорыммен танысып, Оңтүстік Кореядағы Gyeongsang National University (Кенсан ұлттық университетінде) оқуға мүмкіндік ашылып, магистратураға 21 жасымда түстім. Арада сегіз жыл өтіп, қазір докторлық дәрежелі зерттеу профессорымын. Мен оқуға түскен 2016 жылы жастар арасында «Корея толқыны» деп аталатын мәдениет енді басталып жатқан еді. Маған да сол кезде керістердің музыкалық индустриясы ұнайтын, сондықтан осы жерге келіп оқу қызығушылығымды арттырды. Бірақ оқушынымен қиын болатын, кезінде докторантураны бітіре алатыныма күмәнданатынмын. Зертханада таңғы 9-дан кешкі 10-ға дейін зерттеу жүргізу ереже еді, бірақ докторлық дәреже алу үшін ол да аз уақыт. Санаусыз түндерді ұйқысыз өткізіп, демалысыз зертханаға барып, жеке өмірім туралы ұмытып, барқиыншылықтардан өтіп, білімді дәлелдеп, ақыры алғашқы ғылыми мақалаларымды шығарып, оқуды бітірдім. Профессорым ғылымға деген талпынысымды көріп, зерттеуші ретінде, кейін зерттеу профессоры ретінде жұмыс істеуді ұсынды. Бағым жанып өзімнің зертханамда оқитын жігітпен танысып, тұрмыс құрдым. Ол да қазір докторантураны бітіріп, Сеул ұлттық университетінде зерттеуші болып жұмыс істейді, – дей келе, ғалым ғылым туралы толғаныстарын ортаға салды. Оның айтуынша, ғылым жанжақты, зерттей берсең ашыла беретін шексіз әлем екен.

– Табиғи заттар химиясымен химия, физика және биология ғылымдары тығыз байланыста. Мен өсімдіктерден таза хи-

миялық заттарды бөліп, физикалық құралдармен қаңқасын сипаттап, бөлінген заттың биологиялық белсенділігін зерттеймін. Қазірге дейін Қазақстаннан, Кореядан және Малайзиядан алынған он түрлі өсімдіктен елуге жуық зат бөліп, олардың антиоксиданттық, антидиабеттік, антивирустық және қабынуға қарсы әрекеттерін аштым. Корея зертханалары әлемнің алдына шығатын құралдармен жабдықталған және мемлекет ғылымға үлкен назар аударып, қаражат бөледі, – деді зерттеу профессоры.

Айжамал Байсейітова соңғы бес жылда бірінші-авторлық халықаралық индексі бар сегіз мақала жазды. Ең беделдісі биыл (маусым, 2024 ж.) SCIE индекстеу жүйесінде импакт факторы 7.9 Phytomedicine журналында шыққан. Мақалада Кореяда өсетін гүлсебет шөбінен бөлінген халкондардың бактериялық неуранидазаға қарсы әсері туралы зерттеулері жарияланған. Ғалым Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасында өткен «Емдік өсімдіктер мен табиғи дәрілік заттарды зерттеу» халықаралық конференциясына қатысып, сондағы әсерімен бөлісті.

– Менің ғылыми жетекшім, профессор Жанар Жеңіс әлемнің ең беделді және танымал ғалымдарын шақырып ұйымдастырған конференцияға қатыстым. Солардың ішінде корейлік профессорларым, әріптесім және жұбайым да бар. Өзім көптеген конференцияларға қатыстым, мұндай жиналыстардан тәжірибем бар. Сондықтан бұл жолы алған әсерімді дәлелді түрде айта аламын. Конференция өте жоғары деңгейде өтті. Көптеген ғалымдар өздерінің жаңа және озат ашылуларымен бөлісті. Ғылымдағы маңызды сұрақтар талқыланып, тәжірибелімі алмасты. Бір-бірімен танысып, пайдалы байланыстар жасады. Қазақстанда өткен конференциялардың үздігі деп ойлаймын, – дей келе, профессор алға қойған мақсат-жоспарын айтты.

– Алған білім-тәрбие мен тәжірибемді ғылымға арнап, жоғары мақсаттар қоямын. Соның ең маңыздысы – адамзатқа түрлі аурулармен күресуге көмектесетін, көптеген табиғи қосылыстарға бай өсімдіктер әлемінен биологиялық белсенділігі бар дәрумендер жасау. Сонымен қатар табиғи қосылыстар химиясын, әсіресе қазақстандық зерттеулерді дамыту. Өз саламда белгілі ғалымдар қатарына қосылып, адал еңбек етіп, мұра қалдыру, – деп сөзін қорытындылады ғалым.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

### OUR GRADUATE

**R.T. Omarov was born on May 24, 1967, in Alma-Ata, Kazakhstan. He graduated from K. Satpayev Secondary School No. 56 in 1984 and entered KazNU named after S.M. Kirov, where he studied at the Faculty of Biology from 1984 to 1987. During this time, he served in the Soviet Army as a private from 1985 to 1987. After completing his military service, he returned to KazNU and continued his studies at the department of Physiology and Biochemistry of Plants until 1991. After graduating from college, R.T. Omarov began his career as a graduate student at the Department of Plant Physiology and Biochemistry at KazNU.**

## Omarov Rustem Tukenovich

In 1993, he completed an internship at the A.N. Bach Institute of Biochemistry of the Russian Academy of Sciences and in 1995 defended his dissertation under the supervision of Professor N.P. Lvov. His research focused on the functional and structural properties of a protein with a molybdenum cofactor in pea seeds and resulted in the award of a Candidate of Biological Sciences degree.

Since 1996, R.T. Omarov has been conducting scientific research at the Institute of Experimental Botany in Prague. In 1999, he worked at the Laboratory of Hormonal Metabolism at Tokyo Metropolitan University (Japan), where he focused on molecular cloning. In 2001, he conducted research at Auburn University, Alabama (USA). From 1995 to 2000, he worked as a researcher at the Bio stress Laboratory at the University of Ben-Gurion (Israel). His main area of research focused on studying plant metabolism under abiotic stress conditions. In particular, he showed the key role of monoenzymes in plant resistance to adverse environmental factors for the first time.

Researcher (2000-2004) and Leading (2004-2009) Member of the Department of Plant Pathology and Microbiology at the University of Texas (USA). During this time, the scientist's focus was on studying the molecular mechanisms of virus-plant interaction. They studied the functional role of viral protein in suppressing RNA interference, isolated and characterized antiviral RNA containing plant nucleases for the first time and investigated the mechanisms of viral protein translation and localization. These studies are currently the basis for further research in this field. Citations in the textbook "Plant Virology" edited by Roger Hull, published in 2007. R.T. Omarov, a scientist from Texas A&M University, was awarded the medal "For Outstanding Scientific Achievements".

His research focuses on the molecular basis of virus-

plant interaction. Methods of genetics, molecular biology, and biochemistry are extensively used in his lab. His research interests include the study of structural features of viruses at the molecular level, as well as the protective role of RNA interference and the suppression of viral proteins. One of his notable findings is the multifunctionality of the P19 viral suppressor in activating molecular signaling systems in resistant plants. Additionally, he has demonstrated the functional role of molybdenum aldehyde oxidase enzyme in generating reactive oxygen species during viral infection. Another major area of his research is the molecular mechanisms of plant resistance to pathogens and stress factors. Enzymes play an important role in the generation and utilization of reactive oxygen species, which are involved in the modulation of plant resistance to viruses and abiotic stress factors. R.T. Omarov is a renowned scientist who has studied these enzymes in detail for many years.

R.T. Omarov has reviewed for several leading international journals, including Plant Physiology, Molecular Plant-Microbe Interactions, and Physiology Plantarum. Under his guidance, six doctoral dissertations have been defended, and he is the author of over a hundred scientific publications.

In 2015-2017, he served as a member of the National Scientific Council for Life Sciences.

R.T. Omarov is the Head of the Department of Biology, Biotechnology, and Microbiology at the Faculty of Natural Sciences at L.N. Gumilev Eurasian National University from 2009 to 2012. Since 2012, he has been the Head of the Biotechnology and Microbiology Department at ENU. Omarov has received several awards for his contributions to science, including the "For Achievements in the Development of Science in Kazakhstan" medal in 2011 and the "25 Years of Independence of Kazakhstan" award.

Nurbek NURZHAN

# Археологтар культтық мәні бар

## қабан қорғанын қазды



Жоба Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен «Алматы облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталық» КММ қолдауы арқасында қолға алынды.

Ұзынбұлақ ауылы маңындағы тау бөктеріндегі топырақты сонау кеңестік заманнан бері өңір тұрғындары түрлі қажеттілікке пайдаланып келеді. Соңғы жылдары топырақ алу жедел қарқынмен жүзеге асып, оның аумағы бірнеше гектар жерді қамтыды. Өлі күнге дейін жергілікті халық бульдозер, экскаватор және тағы басқа техниканы жалдап топырақ өкетіп жатыр. Топырақ алған кезде жергілікті халық кей жерлерден үнемі адам мен мал сүйектерін тауып алатын. Өткен жылы жоғарыда аты аталған орган өкілдері осындай ақпаратты алған соң, қазба жұмыстарына қаражат бөлу туралы шешім шығарып, оны экспедиция мүшелері жүзеге асырды.

Экспедиция жетекшісі, тарих ғылымының докторы, профессор Досбол Байқонақовтың сөзіне қарағанда, мұндағы қорым апаттық жағдайдағы бірнеше қорғандардан тұрады. Кейбір қорғандар түгелдей жойылып кеткен, бірқатары

жартылай бұзылған т.с.с. Кейбір мүдделі адамдардың тарапынан жасалынуы мүмкін апаттық жайттарды болдырмау үшін ең алдымен бүтін обалар қазылып, түрлі артефактілер (қыш, ағаш қалдықтары, жылқы үзеңгілері, темірден және қоладан жасалған тоғалар), адам қаңқасы мен жан-жануарлардың сүйек қалдықтары қазып алынды. Табылған олжаға қарағанда, қорғандардың басым бөлігі түркі дәуіріне тән. Қорымнан табылған екі азу тісі сақталған қабанның төменгі жақ сүйегі мандардың қызығушылығын тудырды. Бәлкім, бұл жылқының төменгі жақ сүйегі болуы да ықтимал. Егер ол тұз тағысына тиесілі болса, онда қазылған қабандардан сүйегінің шығуы өте сирек кездесетін құбылыс. Мұның культтық сипаты болғандығы анық.

Еуразия аймағында қабан-

ның азу тісінен жасалған құралдар мен өшекейлер неолит дәуірінен бастап кеңінен кездесе бастайды. Жануардың бейнесі Қазақстан жартас суреттерінде жиі ұшырасады. Қола дәуірі мен ерте темір ғасырында қабан аулауға шығу жауынгерлер үшін көзсіз ерлік болған еді. Көптеген халықтардың дәстүрлі дүниетанымында қабан тотем ретінде белгілі болды немесе ол ерлерге тән күш-қуатты сипаттады, сондай-ақ өнімді түрде көбеюдің символикалық мәніне айналды.

Света ӨМІРҒАЛИЕВА

# Көп көңілінен шыққан бейнебаян



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арналған өнге бейнебаян түсірілді. Ардагер оқытушылардан құралған «Ұлағат» ансамблі арнайы «ҚазҰУ-ым – ұлағат ұясы» атты әнді оқу ордасының 90 жылдығына арнады.

Түсірілім жұмыстары ҚазҰУ қалашығында жүргізілді. Бейнебаянды түсіруге Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметкерлері қолдау көрсетті.

«Әлеуметтік желіге жүктелген клип көптің көңілінен шығып жатыр. ҚазҰУ, расында, баршамыздың қара шаңыра-

ғымыз. Әнді орындаған кезде ерекше әсерге бөлендік. Өннің сөзі өте мағыналы. Жүректерді тебірентті. Толассыз пікір жазып жатқандар көп», – дейді ансамбль мүшелері.

Көп көңіліне жол тауып жат-

қан өннің әуенін жазған – Қуаныш Жұмағали. Ал өнге рухты сөз жазып, айшық берген – Асқар Дүйсенбі.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қытай Халық Республикасы Сиань қаласының студенттері жазғы лагерьге келді.

Үш күн ішінде Қытайдың 10 ЖОО-сының 37 студенті мен 3 оқытушысы Қазақстан тарихы және ата-бабаларымыздың мәдени мұрасымен танысты.

## Қытайлық студенттерге арналған жазғы лагерь



Ауқымды шараны тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасы ұйымдастырды. Қытайлық студенттер Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қызметімен танысып, тарихына үңілді.

«Жазғы лагерьдің мақсаты – Қазақстанның тарихымен таныстыру, еліміздегі жоғары оқу орындары туралы ақпарат беру, Қазақстанның ЖОО-ларына магистратураға оқуға түсуге қызықтыру. Өтіп жатқан шараға Қытай тарапынан оқытушы-профессорлар да қатысып жатыр. Аталған лагерьде тарих және мәдени салаларға басымдық беріліп отыр», – деді тарих факультетінің деканы Досбол Байқонақов.

Сонымен қатар ұйымдастырушылардың айтуынша, студенттер Алматы қаласындағы өзге де университеттерді аралап, музейлерге, тарихи ескерткіштерге, демалыс орындарына барады.

«Менің атым Венди. Қытайдағы Солтүстік-батыс политехникалық университетінде оқимын. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аумағына кіргенде бұл жердің тарихы теренде екенін сезіндім. Экскурсия барысында оқу ордасының шежіресімен танысып, тарихи фотосуреттерді көрдім. Бұл сапар ерекше әсер қалдыруда. Қазақстанға, соның ішінде ҚазҰУ-ға келгеніме өте қуаныштымын», – деді жазғы лагерь қатысушысы Венди.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қытайдың бірқатар жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастықта. Қазіргі таңда ҚазҰУ базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы табысты жұмыс істейді. Қытай ЖОО-ларымен академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы оқытушылар мен студенттер алмасу жұмысы жолға қойылған.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ



### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ  
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.